

ТАҚЫРЫПТАР БОЙЫНША ПРАКТИКАЛЫҚ САБАҒЫ

1. Семинар сабағының тақырыбы. Капиталдар құны және капиталдың орташа өлшенген құны

2. Сабақтың мазмұны:

1. Сырттан тартылған капиталдар құны
 - 1.1 Коммерциялық несиелер және коммерциялық несиелерінің құны
 - 1.2 Банк несиесі және банктік несиенің құны
 - 1.3 Облигация мен облигациялардың құны
2. Меншікті капиталдың құны
 - 2.1 Акциялар шығарылымымен қамтамыз етілген ресурс құнының дивидендік моделімен
 - 2.2 Бөлінбеген пайда құны
3. Капиталдың орташа өлшенген құны

3. Сабақтың мақсаты мен міндеттері: корпорацияның капиталы туралы және оның құрылымы мен тағайындауы туралы түсінік алу; корпорацияның әр түрлі капиталының түрлерін жіктеу; корпорацияның капитал көздерін қалыптастыруды анықтау; капиталдың құнын бағалаудың негізгі қағидаларын сипаттау; капиталдың орташа өлшенген құнының есебін көрсету және анықтама беру.

4. Техникалық (оның ішінде оқытудың да) және инструментальдық құралдар: слайдтар, презентациялар, электрондық оқулық, есептер.

5. Сабақтарды өткізу тәртібі:

- Үйге берілген тапсырманы тексеру
- Тақырып бойынша теориялық білімді тексеру
- Тақырып бойынша бақылау сұрақтары:
 1. Компанияның қаржылық жағдайының сипатында «меншікті капитал» түсінігіне не кіреді? Оның компоненттеріне салыстырмалы түсініктеме беріңдер.
 2. Меншікті қаржылық ресурстарды қолдануда негізгі тиімділік көрсеткіштері қандай?
 3. Корпорацияның қарыз қаражатын қалыптастыру көздерін сипаттаңыз, олардың жетістіктері мен кемшіліктері жеткізіңдер.
 4. Әр түрлі банктік несиелерге сипаттама беріңіздер.
 5. Тауарлық несиені тарту мақсатын атаңыздар.
 6. «Капитал құны», «капитал бағамы», «фирма құны», «нарықтық капиталдандыру» экономикалық терминдерге түсініктеме беріңіздер.
 7. Олардың құны тұрғысынан коммерциялық ұйымның негізгі қызметінің қаржыландыру көздерін сипаттаңыз.
 8. Ұзақ мерзімді сипатта шешімдерді қабылдау кезінде әр түрлі көздерден капитал құны қандай рөл атқарады?
 9. Жекелеген қаржыландыру көздеріне қатысты капитал құны қалай есептеледі?
 10. Меншікті немесе заемдық капиталдың қайсысы артығырақ және нәліктен?

- Пысықтау есептері

Есеп 1. Төменде берілгендер бойынша Капиталдың орташа салмақтық құнын есептеңіз:

Қаражат көздері	Орташа құны, %	Пассивтігі үлесі, %
Артықшылығы бар акциялар	60	10
Жай акциялар мен бөлінбеген пайда	80	50
Заемдық қаражат, дебиторлық берешекті қоса	50	40

алғанда		
---------	--	--

Есеп 2. Коммерциялық банктердің ұсынысына сәйкес кәсіпорынға кредит 3 жылдық мерзімге келесі шарттармен ұсынылады:

Нұсқа 1: жылдық кредиттік ставка деңгейі - 18%; кредит бойынша пайыз аванс түрінде өтеледі; қарыздың негізгі соммасы кредиттық период соңында өтеледі

Нұсқа 2: жылдық кредиттік ставка деңгейі - 16%; кредит бойынша пайыз әр жыл соңында төленеді; негізгі қарыз әр жыл соңында біркелкі амортизацияланады.

Нұсқа 3: жылдық кредиттік ставка деңгейі - 20%; кредит бойынша пайыз әр жыл соңында төленеді; негізгі қарыз сомасы кредиттік период аяғында өтеледі.

Нұсқа 4: жылдық кредиттік ставка деңгейі дифференциалды түрде бекітіледі: 1 жылы - 16%; 2 жылы - 19%; 3 жылы - 22%; кредит бойынша пайыз әр жыл соңында төленеді; негізгі қарыз сомасы әр кредиттік периодтың соңында өтеледі.

Кәсіпорын 100 мың теңге көлемінде кредит алады. Кредит бойынша орта нарықтық пайыз ставкасы - 20% жылына.

Кредиттеудің ең қолайлы вариантын тандаңыз (грант – элемент)